

ISSN 1811-1823

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕНАКЕЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ



1'2010

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

О. СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.С. Мұхамбетова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

О. Сүлейменовтің басшылыққа алатын негізгі әлемдік көзқарастағы принциптерін қарастыруға тырысып көрелік. Бірақ, бұл принциптерді ақын қандай да бір тұтастықтағы логикалық кестеге келтірмеген. Бірақ, олар оның барлық көп образды шығармашылығында анық көрінеді. Ақынның шығармашылық кезеңінің басында, ерте кезде көтерген ірі мәселелерінің бірі - қазақ халқының тарихының қайта даму мәселесі болды. Өзінің ертедегі публицистикалық мақаласында ол былай деп жазады: «Менің руымның қараңғы, мағынасыз өмірі туралы жалпы мәліметтер мені қанағаттандырмайды. Бұл жағдайды көптеген колониализм идеологтары өз мақсаттарында қолданып отыр. Олар қазір де мемлекеттілігі жоқ, мәдениеті жоқ Шығыс елдері тең дәрежелі дамуға қабілетті емес деп жариялап отыр. Біз өзіміздің нәмқұрайлығымызбен бұл пікірді растап отырмыз» [1].

Олжас Омарұлының өмірінің өзі бірыңғай адамның қабілетінен тыс күштерді талап ететін істерді жасаудан тұрады. Сондықтан ол барлық әлемге қазақ халқын таныстыру сияқты қиын істі түсіне отыра, өз мойнына алды. Қазақ халқының өткені, қазіргісі және алдағы болашағы барлық тұтастықта алғашқы рет – Мұхтар Әуезовтің ұлы эпопеясынан кейін Олжас Сүлейменовтің – ақын және азаматтың шығармашылығында кең ауқымды және жоғары көркемдік деңгейде көрініс табады. О. Сүлейменовтің жеке тұлғасының кең ауқымдылығы туралы ақын Бақыт Кенжеев былай деген: «Ол (О. Сүлейменов) Қазақстанды әдебиет жағынан әлем картасына енгізді, себебі, ол нағыз бірінші халықаралық қазақ жазушысы болды. Олжас қазақтар туралы, Қазақстан туралы көп жазды, оның бөрі де бүкіл әлемге қызықты

болып шықты. Оның кітаптарын Мәскеуде сөрелерден таласа-тармаса әкеліп жатқаны менің есімде... Ал, «Аз и Я» туралы тіпті айтпаймын да, бұл кітап – менің табынатын кітабым...» [2].

Оның жазған дүниелері арқылы қазақ халқының ұлы өмірінің беттерін қайта қалпына келтіруге болады. Оқырман көптеген ғасырлар бойында маңдайларына жазылған көптеген ауыр сынға қарамастан, өздерінің алғашқы мәдениетін бастапқы қалпындағыдай сақтап қалған қазақтардың қызықты да керемет өмірінің куәгері болады. Ақынның өзі бұл туралы былай дейді: «Біздің ұрпағымыз өзгеріссіз қалыптасып жатыр. Халық ішінде ар-намыс реакциялары өтіп жатыр. Кемсіткен адамдарда еш қуаныш жоқ. Ақындар халыққа ар-намыс үшін энергия беруі керек. Әлжуметтік өлеңнің тапсырмасын мен осылайша қалыптастырамын» [3]. Бұдан әрі ақын өзінің әлем мен адамның концепциясын, нақтырақ айтсақ, қазақ әлемі мен қазақ адамының концепциясын жарықтандырады:

... В нашей степи если ночи,
так кночи –
самых белых не видно камней.
В нашей степи, емли солнце захочет,
черные камни станут светлей.
Если радость согреет сердце,
Солнце тенью будет на ней...

Қазақ халқының тарихы мен тағдырының бұл мағынасында Олжастың ұлы ғұламалар: Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім, Ыбырай Алтынсарин және тағы да басқа қазақ мәдениетінің негізін салушы ірі өкілдері іске асырған үлкен өзгерістер болды.

Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және тағы да басқа көптеген XX ғасырдың көрнекті сөз суреткерлерінің тәжірибесі де маңызды болып табылады. Осы тарихи-мәдени контексте қазақ әдебиетін әлемдік аренаға шығару тек қана Олжас Сүлейменовтің қолынан келді. Оның қазақ халқының өкілі ретінде әлемдік деңгейде танылуы «Адамға табын. Жер енді!» поэмасы шыққаннан кейін болды.

Олжас Сүлейменов құбылысы теңдессіз, ойшы, ғалым, саясаткер – бұның барлығы да бір ғана жеке адамның қасиеттері. Оның әдеби сіңірген еңбегі ең жоғары қолдауға ие болды. Олжас Омарұлы саяси, әлжуметтік немесе мәдени салада бір позицияны ұстанған ақынның өзіне о баста берілген құралмен, яғни - Сөзбен ғана әрекет етуі қажет екенін толық түсінді:

Поэзия – это всегда поступок,
она, как варварство, всегда в изломах,
подобно
лестнице
вся из уступок,
уступок недобдуманному слову.

О. Сүлейменов әдебиетке ашық және кең тыныста енді. Оның поэтикалық шығармалары әу бастан-ақ ұлттық әдебиеттің құбылысы болып танылды және сөз бағалай білушілердің көңілін аударды және күні бүгінге дейін солай болып келеді де. Олжастың поэзиясы серпінді ритмге құрылып, таусылмас энергиямен сәуле шашты. Оның поэзиясы сөз күдіретіп бағалаушылар мен білушілерді де, сонымен қатар, қатардағы оқырманды да өзінің ерекшелігімен, афоризмге толылығымен және шеберлігінің биіктігімен таң қалдырды, ол ақынға орыс тілінің көмегі арқылы қазақ халқының жан-жүрегін ашуға мүмкіндік берді. Тек қана поэзияда халықтың жан-жүрегі, оның тарихи және мәдени дамуының өзіндік ерекшелігі, оның психологиялық құрылымы толығымен және жинақталған түрде көрінісіндірілген ол терең түсіне білді.

Өзінің табиғаты жағынан Олжас Сүлейменов - жан-дүниесі, рухани байлығы мол адам. Адамның тәуелсіздігі, еркіндігі оның шығармашылық және қоғамдық қызметінің негізгі нысаны болды. Тәуелсіз адам – ол рухани жағынан бай, әлемдік дамуды философиялық жағынан түсінетін адам. Бәлкім, сондықтан болар:

Художникам нечего делать на этом поле,
Таланты их бесполезны-они болезненны.
Поле – всего лишь символ свободной воли,
Обыденность здравых запретов – это поэзия.
... но кажется мне:
свободное их присутствие
скажется в ходе историй когда-нибудь.

Бірақ, адамның, жеке тұлғаның еркіндігі ақын үшін анархия емес, құлдырау емес, қажеттілік заңдарымен қажетті келісу. Бұл мағынада ол бізге тағы да бір рет былай деп ескертіп қояды:

Свобода – это не позерство
а как и прежде,
где ни прительства, ни дружбы,
великая до унижения
свободе требует не службы,
служенья...

Оның ақындық шығармашылығының тағы да бір ерекшелігі – көркем образдарды көре білуі. Жабайы алаң образы осылайша пайда болады. Бұл көшпелі тайпалардың күнкөріс жері. Жабайы алаң-олардың өмір сүретін және әрекет ететін әлемі. Сүлейменовтің шығармаларында алаң образы тәуелсіз және еркін адамның образымен байланысты:

Их лица круглые, как перекати-поле,
Обожжены ветрами дикой воли...

Іс жүзінде, О. Сүлейменов көшпелі өркениет идеясын алғашқы болып алға тартқан ақындардың бірі. Көшпелі мәдениет пен өркениет өзіндік көркемдік-эстетикалық формада О. Сүлейменовтің көптеген шығармаларында маңызын тапты. Көптеген өлеңдері мен поэмалары кеңістіктегі үнемі қозғалысты, ауысуды бейнелейтін образдармен толып тұр. Бұл – жазықтағы өмір, әлем, ал онда жылқылар, жылқы үйірі т.б.:

Пустыня-

Ой, дорого ей заплатил казах.

Пустыня-

От порога до порога

Все сто дорог

Вели его газад,

Размеренная смена поколений,

Спокойнее широкое седло

Скупое равнодушное движение

Укачивая

Всадника вело

Ақынның көркемдік-образдық формада көрсеткен өркениет феномені кейіннен, көбінесе, соның арқасында қазақстандық авторлардың көптеген еңбектерінде тиянақты мәдени талдауға түскендігін нақты айтуға болады.

Бұған ақынның бірнеше эсселері мен публицистік еңбектері де ықпал етті. Бұл мағынада О. Сүлейменовтің «Көшпенділер және мәдениет: қазақ эксперименті» атты мақаласына көңіл аударамыз. [4].

Бұл мақалада жер қатынасы өркениеті мен көшпенді мәдениеттің арасындағы өзара қарым-қатынаспен айналысатын философтар мен әдебиетшілерге біртұтас бағыт беріледі. О. Сүлейменов бұл туралы былай деп жазады: «Көшпенді дегеніміз кім? Тарихи еңбектермен тәрбиеленген ақыл үшін көшпенділер – шекара туралы немесе жерді меншіктену туралы еш түсінігі жоқ, бір жерден екінші жерге көшіп жүрген ордалар... олардың жолында тұрған қалалар жер бетінен жоғалып кетіп отырды және олар жүріп өткен жолдың барлығы да шөл далаға айналып жатты. Олар заң, құқық дегенді білмеген болатын. Сондықтан, өрине олар сенім, ар-ұждан, ұят, махаббат секілді жоғары рухани қасиеттерді білмейтін. Мен өзімнің ата-бабамның осындай образына сендім. Тіпті, басында оның мінезінің осы қырлары, қажеттіліктерінің қарапайымдылығы маған ұнайтынын да мойындауым керек» [5]. Олжастың өз сөзі бойынша, «айыпты көшпенді тарихшылар шығарған үкім жарияланған соң, соңғы сөзін айту құқығын талап етеді» [6].

Көшпенді тарих пен мәдениеттің мәселелеріне деген көркемдік-эстетикалық реакция стимул бұл мәселені теоретикалық деңгейде зерттеу үшін және оны абстрақтылы-логикалық түсініктің көмегімен көрсететін арнайы мәлімет секілді болды. Олжас Сүлейменовтің жақтастары ғана болған жоқ, оған қарсы шығушылар да пайда болды. [7]. О. Сүлейменовтің

көзқарасына қарсылас болғандардың ой-пікіріне тоқталып қалмастан, әйгілі әдебиеттанушы М.М. Әуезовтің онымен ұқсас ұстанған позициясына тоқталсақ: «Көшпенділер, өзінің мамандығынан басқа қозғалыс, өзгерістің жағдайы, -дейді Мұрат Әуезов, жалпы адамзаттық тарихтың, оның ішінде өткен тарихтың ғана емес, бүгінгінің де жан-жақты жағдайының бірі. «Адамзат пен кеністік» мәселесі қазіргі заманғы ұрпақ үшін де өзекті болып қала береді. Көшпенділердің санасы мен көркемдік шығармашылығын рухтандырған жол идеясы, таңдау мен динамизм мәселесі тұрған кезде ғасырға көміліп қала бермейді». Зерттеуші М. Әуезов көшпенділердің этикалық және эстетикалық тәжірибесін есепке алмасақ, әлемдік мәдениет бейнесі толық болмағанымен қоса, дұрыс емес те болады деп атап өтеді.

О. Сүлейменовтің көркемдік-философиялық позициясының негіз қалаушы принциптерінің бірі - тарихты танып-білу деп батыл түрде айтуға болады. Ақын үшін қоршаған жанындағылардың барлығы да тарихи дамудың нәтижесі және әлемнің одан әрі дамуының нышаны болып көрінеді. Барлық көрген жаңаша құбылыстарының немесе жағдайларының барлығынан Олжас Сүлейменов өткен заманның терең бейнесін көреді. Бұл әлемді қабылдау оның ақындық шығармашылығынан өтіп кетеді. Бірақ, бұл өзі жасаған импульспен толық түсініп, қабылдаған оның ақындық және публицистік шығармаларының қатарында анық қалыптасқан позиция, ол кейбір жағдайларда көркем мәтіннің шеңберінен шығып кетіп, тарихи-философиялық сипат алады.

Сүлейменов историзмінің принципі оның историографиялық мәселелерге жолын ұстаушылықпен ғана емес, әдеби-көркем бейнеге түсетін нәрсенің барлығына тарихтың қажеттілігін де ертіп әкетеді. Тарихты білу және бағалау ақында кез-келген суреткердің кәсіби сапаларының критеріі ретінде қаралады. 1972 жылы Қазақстан жазушылар Одағының басқарма пленумында Олжас Омарұлы былай деп атап көрсетті: «Әрбір жазушы, не туралы жазса да – Хәопс пирамидасы туралы немесе физика саласындағы жаңалықтар туралы жазса да, ең алдымен ол өзінің табиғи таланты жағынан тарихшы болып саналады. Тарих – халықтың адамгершілік және философиялық тәжірибесі. Тарихта – ұлттық мәдениеттің қалыптасу және даму кезеңдері мен шығу көздері, бүгінгі халықтық сипатты көрсететін адал адамдық сапалардың бастауы».

Сүлейменовтің историзмін тек қана фактілік аспект деп санау үлкен қателік болар еді. Оның историзмі ең алдымен эстетикалық-көркемдік ойға құрылған, ол тарихи шындықты табуға мүмкіндік береді.

1962 жылдардың өзінде-ақ О. Сүлейменов өзінің «өмірлік бағдарламасын» анықтады, яғни «өз халқының жоғалып кеткен тарихын іздеп табуды» өзіне мақсат етіп қойды, сол кездің өзінде-ақ ол сенімді және батыл түрде былайша жариялады: «Мен бір кездерде шынайы реалистік «Шынайы тарих» деген кітаптың туатынына сенімдімін, оның тууына біздің де еңбегіміз сіңеді деген

үміттемің. Тек ақындар ғана көңе тіл мамандарының құрған сөздерінің мәнін түсіндіре алады».

Олжас Сүлейменовтің философиялық позициясының ерекшеліктерінің бірі бұл – географиялық мағынада да, мәдени-тарихи мағынада да әлемді Батыс пен Шығыс деп бөлуі. Әлемдік өркениетті батыстық және шығыстық деп жаһандық бөлу идеясы әрине, жаңалық емес, ол сонау Редьярд Киплингтан бастау алады, көптеген авторларда кездесіп келді және кездесе береді де. Бұл әлем концепциясының тек жақтаушылары ғана емес, қарсы келушілері де бар.

Біздің пікірімізше, әлемнің «Батыс» және «Шығыс» деп бөліну концепциясының мәдениеттану мағынасында существователуі құқығы бар. Бұл түсініктерге ең алдымен нақты бір рухани шынайылықтар сәйкес келеді. Екі мәдени аймақтың екеуінде де адамға, оның әлемдегі орнына, жалпы әлемге қатысы ерекшеліктеріне деген қатынаста ерекшеліктер байқауға болады. Мысалы, Батыс үшін прогресс идеясы, аумалы-төкпелі уақыт идеясы, айналдадағы қоршаған ортаға деген қалыптан тыс ұлғайған белсенділік тән. Ал Шығыста болса жетілдірілуге қоршаған әлем емес, адамның өзі беріледі.

Олжас Сүлейменовтің «Батыс-Шығыс» концепциясына қайта ораламыз. Ақын ешқашан шығысты орталықтандыру позициясын ұстанған емес, мәдениеттің екі түрін ешқашан қарсы қойған емес, бірақ қашанда, барлық жерде олардың синтезін, бірлігін, бірін-бірі толықтырып отыруын іздеумен шұғылданды. Мұндай бірлік ақындық формада оның ертедегі шығармаларында-ақ көріне бастады, ал кейіннен жер бетінде өмір сүретін барлық адамдардың әлемдік қоғамдастығының бірлігі ретінде берілетін еуразиялық бірлік формуласына ие болды:

Нет востока,
И запада нет,
Нет у неба конца.
Нет востока,
И запада нет,
Два сына есть у отца
Нет востока,
И запада нет
Есть
Восход и закат
Есть больше слово-
ЗЕМЛЯ!

Мұндай әлем танушылық көбінесе Қазақстан жерінде, яғни тарихи жағдайлардың күшімен бірнеше ғасырлар бойы көптеген мәдени дәстүрлердің синтезі жүзеге асқан аймақта мәдени дәстүрлермен анықталғандығын ерекше атап өту керек:

Я рожден в стороне,
Где живут вседине,
Все части света,-
Есть и Запад,
Восток и Север,
В стране поэтов...

Мәдениеттің шынайы байлығы Олжас Сүлейменовтің көзқарасына сәйкес, түрлі дәстүрлердің өзара әсері процесінің арқасында тууы мүмкін.

Ақынның ойы бойынша адамзаттың дамуының одан арғы болашағы тек қана өзара тәуелділікті түсіну, сезіну арқылы ғана мүмкін. «Шығыс-Батыс» мәдени полюстары Олжас Сүлейменовті жай ғана қызықтырмайды, оның көңілін өзара әсер кезінде ғана аулайды. Ол мәдениеттің өзіндік тұрмыстағы жақсы бағасына күмәндана қарайды. «Өзіндік тұрмыстағы» мәдениет тек қана мұхит ортасында қалып қалған, мыңдаған жылдар бойы еш кеме келіп тоқтамаған бір аралдарда ғана болуы мүмкін. Басқа мәдениетпен байланысы үзілген «өзіндік тұрмыстағы» мәдениет, яғни, аралдық мәдениет әрқашан да напар дамыған және оның тілі өте кедей».

Барлық ұлттық изоляция мәдениеттің құлдырауына әкеліп соғады, ал ұлттық мәдениеттердің өзара әрекеті – оның гүлденуіне әкеледі. Осы тезисті қолдай отыра, Олжас Омарұлы маргинальностің позитивті ролін ерекше атап көрсетеді: «Маргинальность тіпті шумер-египет байланыстары кезінде де болған, халықтар өзара қарым-қатынас жасап тұрған кезде әрқашан бола береді де, маргиналды орта ғылымның, әдебиеттің және саясаттың өрнекті өкілдерін шығарды. Иран және араб мәдениеттерінің шекарасында Авиценна, Әл Хорезми, Хайям және Бируни өсіп жетілді. Иран және түрік мәдениеттерінің шегінде Науаи, Пушкин және Толстой секілді ұлы даналар – екі ұлттық мәдениеттің – Ресей мен Францияның тұлғалары гүлдеді.

О. Сүлейменов 1977 жылы Ташкент қаласында өткен Азия және Африка елдері жазушыларының ассоциациясының симпозиумында жасаған «Өзара тәуелділікке» атты баяндамасында адамның маргинальностінің өңделуіне көңіл бөлді. Маргинальності тұлға қандай да бір этностың дамуында ешқандай позитивті рол атқара алмайды деген пікірлерге қарамастан, О. Сүлейменов жалпы мәдениет үшін маргинал қасиеттерінің жағымды маңызын атап өгеді.

О. Сүлейменовтің пікірінше, түрлі мәдениеттердің өзара қатынасы олардың қатысым шегінде шектік диффуздық қабат түзеді, онда түрлі мәдени дәстүрлер өзара әсерлеседі. «Бұл шекаралық пласт – байланыстағы мәдениеттердің өзара қатынасының нәтижесі және бір мезгілдегі одан арғы өзара әсерлесу желісі. Маргиналды тұлғаның позитивті маңызы осында түр деп ойлаймын. Ол екі ортаның арасындағы интеграл мәні, әрі шығарма болып табылады. Шекаралық сызық тек бөлуші сызық қана емес, сонымен бірге, қосу, біріктіру сызығы».

Біз жоғарыда атап өткен Олжас Сүлейменовтің шығармашылығындағы көркем бірлікке жетуге негізделген историзм секілді көркемдік-эстетикалық және философиялық принциптер, түрлі мәдени дәстүрлердің өзара қатынасы мен өзара әсерлесу идеясымен бірігеді. Бұл әсіресе, оның атақты «Аз и Я» атты кітабында ерекше анық және нақты көрінді. Мұнда ол тіл білімінің (лингвистикалық) талдауы негізінде түрік және славян мәдениеттерінің (Жабайы алаң мен Ежелгі Русь) терең тарихи байланыстарын көрсетеді. Бұл тақырыпта ақынның өзі былай деп жазады: «Әлі ешкім жазбаған әлемнің қолжазбаларын қайта қалпына келтіруді қалан, мен көшпелі түріктер мен славяндардың серіктестік дәстүрлерінің сан ғасырлық істері туралы өз идеяларыма солар арқылы қолдау табу үшін сөздіктерге жүгіне бастадым. Тіл – тарихи ақпараттың ең бай резервуары. Ол мәдениеттердің өзара қатынасының толық сипатын береді. Сіз славяндарды көшпенділермен үнемі қақтығыста болды деп ойлайсыз ба? Онда неге түріктің «жолдас», «дос» деген сөздері славян тіліне көшкен?».

Ең соңында, шығармашылық шыңы ретінде суретшінің жалпы мәнді философиялық-әлеуметтік жалшылама деңгейіне дейін көтерілу мүмкіндігі шығады. Өлеңді лексикалық образдар емес, моральдық образдар құрайды. Техникаға үйреніп алуға болады, өлеңнің құрылымы жалпыға белгілі және кез-келген адам өдеби түрде жаза алады. Бірақ, бүгінгі күні шындықтың беті ашылды; талант бұл – ең алдымен жеке тақырып. Ол болмаса – ақын да болмайды... барлығының да жеке сезімі – қоғамдық емес».

Нақты адам мен әлемнің образында сөз суреткерлері өздерінің мәдени-философиялық позициясын анық көрсетеді. О. Сүлейменовтің шығармашылығы осындай образбен көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлейменов О. Ты-мой герой // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 12 б.
2. Кенжеев Б. Мегаполис. 13.05.2004ж.
3. Сүлейменов О. Бетпақ-Дала. Алматы, 1976. 61 б.
4. Сүлейменов О. Кочевники и культура. // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 38 б.
5. Әуезов М. Эпикадида // Шығыс жұлдызы. 1996. №3, 159 б.
6. Сүлейменов О. Портить отношения // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 29 б.
7. Мартынов Л. Воздушные фрегаты. М., 1974, 31 б.

Резюме

В статье затрагиваются проблемы преемственности в творчестве О.О. Сүлейменова в восточно-западном контексте. А также рассматривается личность поэта в мировой литературе.

Resume

On the report is touched problem of successes in the East and West context creativity by O. Suleimenov. And it is considered person of poet in world literature.